

"Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 14 наурыздағы № 830 Жарлығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 28 ақпандағы № 489 Жарлығы.

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 14 наурыздағы № 830 Жарлығына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығаратын аффинирленген алтынның 5, 10, 20, 50 және 100 грамм алтын құймаларын, сондай-ақ 100 грамнан астам аффинирленген алтынды әкетуге тыйым салынсын.";

1-1-тармақ мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) екінші деңгейдегі банктердің Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілмеген қолма-қол ұлттық валютасын әкетуіне;"

2. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ.ТОҚАЕВ